



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

народа, о котором говорится в оригинале.

На материале переводов произведения Н. Келимбетова «Үміт үзгім келмейді» на русский и английский языки нами выявлено следующее: одним из наиболее эффективных способов передачи национальных фразем является фразеологический перевод (подбор эквивалента). Однако допустимость этого приема возможна, если в языке перевода есть полноценные лексические эквиваленты национальным фразеологизмам оригинала.

На примере рассмотренных фразеологизмов можно отчетливо представить все разнообразие современных фразеологических единиц. Приведенные примеры показывают, что их перевод представляет значительные трудности для лингвиста. Если первые три способа являются сравнительно легкими и понятными, то четвертый требует немало усилий от переводчика. Многие фразеологизмы, появляющиеся каждый день, не находят эквивалента в языке перевода, поэтому приходится проделывать колоссальную работу, используя всевозможные словари идиом или даже сленга. Исходя из вышеизложенного, можно заметить, что для успешного перевода устойчивых единиц недостаточно знать хорошо только язык оригинала. Фразеология — чрезвычайно сложное явление, изучение которого требует своего метода исследования. В анализе фразеологических единиц помогает знание лексикологии, грамматики, стилистики, фонетики, истории языка, истории, философии, логики и страноведения.

Список использованных источников:

1. Н. Келимбетов «Үміт үзгім келмейді» – Алматы, Раритет, 2005 – 432 с.
2. Н. Келимбетов «Не хочу терять надежду» – Алматы, Раритет, 2006 – 352 с.
3. N. Kelimbetov «I don't want to lose hope»– London, Lowndes Group Ltd, 2010 – 172с.
5. Кенесбаев С. Фразеологический словарь казахского языка. – Алматы, 2004. - 353 с.
6. Қазақша-орысша сөздік. Казахско-русский словарь. – Алматы, Дайк-Пресс, 2008. – 962 с.
7. Словарь русского языка. В 4-х томах. – М.: Русский язык, 1984.
8. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007. – 800 с.
9. Ж. К. Каракозова, М. Ш Хасанов. «Космос казахской культуры», Эверо - 2011, 104 с.

ӘОЖ 81'255

ОКУЛИСТИКАНЫҢ КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ БЕРІЛУ ЖАЙЫ (қазақ-ағылшын және ағылшын-қазақ көркем тілдері негізінде)

Сержанова Тогжан Сержанқызы

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
«5B020700 – Аударма ісі» мамандығының 3-курс студенті
Ғылыми жетекшісі – Ж.М. Қоңыратбаева

Адамдар арасындағы қарым-қатынас, ең алдымен көз арқылы басталады, сол себепті бұл бейвербалды қарым-қатынастың басты элементі болып саналады. Қарым-қатынас кезінде көзқарастың бағыты әңгіменің мазмұнына, жекетұлғалық айырмашылыққа, өзара қарым-қатынастың мәніне тәуелді болып келеді. Коммуникативистикада көзбе-көз қарым-қатынасты окулистика зерттейді. Окулистика дегеніміз – сөйлесу кезіндегі көз қозғалысын қолдану, немесе көздердің ұштасуы, немесе визуалды контакт болып табылады[1,45 б.].

Алғашқы окулистикаға анықтаманы Рей Бердуистел беріп, окулистиканың негізі көз концепісі екендігін айтып кеткен. Ол өз еңбектерінде көз көнцепісінің негізгі элементтері мен жіктелімін ұсынған:

- 1) Визуалды байланыс. Визуалды байланыстың екі деңгейі бар(тікелей және тікелей емес).
- 2) Көз қозғалысы. Көз қозғалысы ерікті немесе еріксіз түрде болады. Оған көз

бағытының, фокустың өзгеруі жатады.


3) Көз қарашығы. Көз қарашығы белгілі бір жаңалыққа немесе жайтқа адам сезімінің белгісі ретінде үлкейіп немесе кішірейіп отырады.

4) Көзқарас. Адам қарым-қатынас барысында ерікті немесе еріксіз түрде көзқарасы арқылы ішкі эмоциясын білдіреді [2, 15-17 б.].

Окулистиканы әр ғылым саласы әрқалай қарастырады. Мысалы, Американдық психологтар Р. Экслэйном мен Л. Винтерсом көзқарастың адам ойын жинақтауымен байланысы бар екендігін анықтаған. Адам ойын жинақтаған уақытында айналасына, «қабырғаға» көз жүгіртіп, кейін толық ойын жинақтаған соң ғана сұхбаттасының жүзіне қарайды [3, 56 б.].

Пол Экман адам келбетіндегі қозғалыстарды зерделей отырып бейвербалды амалдардың қалай жеткізілетіндігі туралы 100-ден астам мақалалар жариялаған [4, 174 б.].

Пол Экман көзқарас арқылы 15 сезім түрін жеткізуге болады деп есептеген.



Optimism-оптимизм, love-махаббат, serenity-сабырлық, ecstasy-, interest-қызығушылық, vigilance-байқампаздық, boredom-сағыныш, disgust-жақтыртпау, loathing-жеск көрушілік, amazement-таңдану, joy- рахаттану, trust-сенім, fear-қорқыныш, aggressiveness-ашушаңдық, grief-мұңаю, rage-ашу, surprise-таңқалу, annoyance-, sadness-өкініш, anger-ашу, anticipation-ұнатпаушылық, etc.

Сурет – 1 Роберт Плучиктің жіктеуіндегі көзқарас арқылы жеткізілетін эмоциялар

Отандық лингвист Б. Момынова өзінің «Қазақ ым-ишараттары: сөйлеу этикеті мен қатысым мәдениетінде» деген еңбегінде 20 астам эмоцияның көзқарас арқылы жеткізілетіндігін зерделеген. Мысалға, *бақыраю, көзі алақандай болу, көзі күлімдеу, көзін жалт еткізу, көзі түсу, көзін төмен салу, көзін сығырайту, көзін жерден алмау, көзін жасыру, шарасынан шыққан көз, көзін аспанға ала қашу, көзді қиыс тастау, көзінен шоқ шашу, көзін аудару, көз аларту, көзінің астымен қарау, шаншыла қарау, сүзе қарау жалт қарау*, т.с.с көз арқылы берілетін адам эмоциялары мен іс-әрекеттеріне тоқталған [5, 273-280 б.].

С. Бейсенованың «Қазақ тіліндегі дене тілі амал-тәсілдері арқылы жүргізілетін қарым-қатынас компоненттері» атты еңбегінде қарым-қатынастың дене тілі компоненттерінің оның ішінде окулистиканың мәдени ерекшеліктері сараланып, салыстырылып және олардың аудармасы, фразеологизмдермен сәйкестендірілген дәрежесі анықталды [6, 26 б.].

Ж. Нұрсұлтанқызының диссертациялық жұмысында Оралхан Бөкей шығармаларындағы паракинесикалық амалдардың берілу мәселесі талданады. Ғалым еңбегінде көркем аудармада окулистиканың аударылу тәсілдері жайлы бірқатар ақпараттар берілген [7, 30 б.].

Сонымен дене тілінің құрылымдық жіктелісі әр ғалымның еңбегінде әртүрлі көрініс тапқаны байқалады. Әрқайсысының өзіне тән қолдану аясы, қолданыс ерекшеліктері бар екенін көреміз.

Десек те окулистика бағытын көркем аударма тіліндегі жайын: аударылу техникасын, әдіс-тәсілдерін арнайы қарастырған зерттеу жұмыстары жоқтың қасы. Сол себепті мақаламыздың өзегі ретінде «көз» концептісінің көркем дискурс тіліндегі аударылу

мәселесін алдық. Зерттеу материалдарының дереккөздері ретінде қазақ және ағылшын классикалары – М.Әуезовтың «Көксерек» әңгімесі мен Дж. Лондонның «Ақ азу» (Jack London «White Fang») повесі алынды. Зерттеу жұмысын жүргізу барысында окулистикаға қатысты ғылыми тұжырымдар мен көзқарастарды басшылыққа ала отырып, аталмыш шығармалардағы окулистиканың аударылу амал-тәсілдері қарастырамыз.

Аударма, негізінен, трансформация түрлерін қолдану арқылы жүзеге асқан. Аудармашылық трансформация түрлерін (орын ауыстыру, алмастыру, толықтыру мен тастап кету) деп Л.С. Бархударов енгізген болатын. Автор аударма трансформацияларына әртүрлі, сапасы жағынан өзгешеленетін тіларалық өзгертулерді жүргізуге болатындығын тұжырымдап көрсетеді[8, 190 б.]. Бұлар аударма жүргізу кезінде аударманың дәл, сәтті шығуы үшін пайдаланылады.

Трансформацияның түрлерін ғалымдар өз зерттеу материалдары негізінде түрліше ұсынып жатады. Ал көркем аудармада окулистикалық амалдардың аударылу тәсілдерінің өзіндік ерекшеліктері бар екендігіне зерттеу барысында анықталды. Лингвисттердің классификациясына сүйене отырып Дж. Лондонның «Ақ Азу» шығармасында окулистикалық амалдардың аудармасында қолданылған трансформация түрлерін шартты түрде төмендегідей жіктеуге болады:



Сурет 2– Аудармадағы окулистикалық амалдардың трансформациялану әдістері

1.Тілдік таңбалардың орнын алмастыру тәсілі

Орнын ауыстыру – аударма тілінде түпнұсқа тілінің сөйлем құрылысының өзгешеленуі, бұл жерде түпнұсқа тілдегі сөйлемнің бірліктері аударма жүргізу барысында орнын алмастырады. Бұндай кезде сөздердің бекітілген ережелері өзгеріс табады.

<i>Д.Лондон «Ақ азу»</i>	<i>Дәнекер тіл</i>	<i>Аудармасы</i>
He <i>glanced</i> casually at the huddling dogs. He <i>rubbed his eyes and looked at them more sharply</i> [9, 9].	Билл <i>посмотрел</i> на сбившихся в кучу собак, протер глаза, <i>вгляделся попристальнее</i> [10, 4].	Вилл шоғырланып тұрған иттер жаққа <i>көзінің былығын сұртіп мұқият қарады</i> [11,8].

Жоғарыда көрсетілген үзінділер аударма трансформациясының орын ауыстыру тәсілімен жасалынған. Яғни, орын ауыстыру тәсілі алмастырылатын, әдетте, сөздер, сөз тіркестері, құрмалас сөйлемді құрастырушы сыңарлардың орын тәртібі, дербес сөйлемдердің тіркестегі орны болып табылады. Кестеде берілген бірнеше мысалды талдып өтсек, түпнұсқа тіліндегі «*rubbed his eyes and looked at them more sharply*» тіркесі қазақ тіліне «*көзінің былығын сұртіп мұқият қарады*» деп келтірілген. Мұндағы *көзінің былығын сұртіп* деп қимыл-сын пысықтаушы ретінде аударылған тіркес түпнұсқада бірыңғай баяндауыш ретінде берілген. Аудармадан тек қана сөйлем мүшелерінің ғана алмасуы емес, сонымен қатар, сөз таптарының да алмасып кеткендігін көруге болады. Мысалда, түпнұсқадағы етістік аудармада көсемше түрінде берілген.

<i>М. Әуезов «Көксерек»</i>	<i>Дәнекер тіл</i>	<i>Аудармасы</i>
Сары жотаға қарап қарап қойып, әрлі берлі жүріп жер иіскелейді[12, 16].	Поднял голову к звездному небу, жадно внюхиваясь в слабые дуновения со стороны Черного Холма[12, 55].	He raised his head looking up at the starry sky sniffing the faint whiffs of the breeze coming from Black Hill[12, 86].

Кестеде берілген мысалдардағы «қарап қарап қойып» тіркесі аударма тілінде «*raised his head looking up*» деп берілген. Яғни, түпнұсқада пысықтауыш ретінде берілген тіркес аударма тілінде баяндауыш ретінде беріліп отыр. Қазақ-ағылшын аудармасында дәнекер тілдің әсерінен, яғни, орыс тілінің сөйлем құрылымы қазақ тілінен ерекшеленуіне байланысты орын алмастырулар жиі ұшырасады.

2. Тілдік таңбаны түсіріп тастау тәсілі

Түсіріп тастау амалы – түпнұсқаны аударған уақытта аудармашы мағынаны толығырық, анығырақ ашу үшін керек емес деп ойлаған жекешеленген сөздерді, сөз тіркестерді, тіпті сөйлемдерді алып тастап отырады, олар аударма жасау барысында өшіріліп тастанылады, не болмаса қысқартылынады.

<i>Д.Лондон «Ақ азу»</i>	<i>Дәнекер тіл</i>	<i>Аудармасы</i>
He gloated over his victim, and his eyes flamed dully, as he swung the whip or club and listened to White Fang's cries of pain and to his helpless bellows and snarls[9, 117].	Он жадно глядел на свою жертву, и глаза его загорались тусклым огнем, когда Белый Клык выл от боли и рычал после каждого удара палкой или хлыстом [10,84].	Ол өз құрбанына қарап тұрып, Ақ Азу әрбір соққыдан ауырсынып қыңқылдағанда ләзат алып тұрды[11,128].

Дж. Лондонның қасқыр сезімін жеткізуде қолданған образды тіркестері аудармада берілмегендіктен, аудармада оқырманға туындының экспрессивтілігі берілмеген. Оған тағы бір мысал, «*gloated over his victim, and his eyes flamed dully*» тіркесі «құрбанына қарап тұрып» деп қана берілген. Автордың қасқыр жанарындағы жеміне деген құштарлық сезімін жеткізгендігіне қарамастан, аудармада окулистикалық амал ашылмаған.

<i>М. Әуезов «Көксерек»</i>	<i>Дәнекер тіл</i>	<i>Аудармасы</i>
Үстіне гүрілдеп қасқыр қасқыр төніп келгенде көзі бір ашылып, бір жұмылады. Басына таман арандай ашылып келе жатқан ауыздың жоғарғы жағында өзіне таныс құлақ көрінді [12, 34].	Последнее что увидел мальчик было знакомое ему волчье ухо [12, 70].	The last thing the boy saw was the familiar ear[12, 106].

Қазақ-ағылшын аудармаларында түсіріп тастау әдісі жиі ұшырасып жатады. Мысалы, түпнұсқада берілген «көзі бір ашылып, бір жұмылады» тіркесінің аудармасы аудармада мүлдем түсіріліп тасталған. Тек қана келесі сөйлемдегі окулистикалық амал *saw* етістігімен берілген.

3. Сөзбе сөз аударма

Сөзбе сөз аударма – түпнұсқадағы тілдік бірліктердің сыртқы нысанын, ішкі мазмұнын дәлме-дәл сол қалпында аудармада берілуі.

<i>Д.Лондон «Ақ азу»</i>	<i>Дәнекер тіл</i>	<i>Аудармасы</i>
--------------------------	--------------------	------------------

There was no suggestion of form in the utter blackness; <i>only could be seen a pair of eyes gleaming like live coals</i> [9, 5].	Во мраке нельзя было разглядеть никаких определенных очертаний: <i>виднелись только пара глаз, горящих как угли</i> [10,4].	Қараңғыда қаусыра орап келе жатқан бірдемені көрсетті, <i>тек оттай жарқыраған көздер ғана көрінді</i> [11,8].
---	---	--

Сөзбе сөз аударма барысында аудармашы түпнұсқада берілген ақпаратты еш өзгертпестен аударма тілінде беріге тырысады. «Ақ Азу» шығармасында сөзбе сөз аударылған мысалдар ұшырасып жатады. Аудармада Абай өлеңдерінің аудармасы тәрізді аудармашы да сөзбе сөз аудармасын бермесе де, қазақ тілінде қолданыстағы сол сөз баламасын берген. Мысалы, «*only could be seen a pair of eyes gleaming like live coals*» тіркесі «*тек оттай жарқыраған көздер ғана көрінді*» деп, аудармашы *көмір тәрізді жаныптұрған* деген сөзбе сөз аудармасының *көздері оттай жарқыраған* деген баламасын берген.

<i>М. Әуезов «Көксерек»</i>	<i>Дәнекер тіл</i>	<i>Аудармасы</i>
Қасқырдың жасыл көздері <i>от шашады</i> [12, 9].	<i>Зеленые глаза злобно горели</i> [12, 49].	<i>Their green eyes burned curiously</i> [12, 80].

М. Әуезовтың «Көксерек» әңгімесі дәнекер тілдің көмегімен аударылғандықтан сөзбе сөз аударма тәсілі жақтың қасы. Аудармада бірен саран мысалдарды кезіктіруге болады. Мысалы, «*жасыл көздері от шашады*» деген тіркес «*жасыл көздері от шашады*» деп тура аудармасы берілген.

4. Трансформацияның жалпылау әдісі

Жалпылау - Түпнұсқа тіліндегі тар мағыналы сөзді немесе сөз тіркесін аударма тілінің тең мағыналы сөзімен немесе сөз тіркесімен ауыстыру.

<i>Д.Лондон «Ақ азу»</i>	<i>Дәнекер тіл</i>	<i>Аудармасы</i>
<i>Henry looked at him commiseratingly</i> [9,4].	Генри <i>взглянул на него с состраданием</i> [10,3].	Генри жолдасының <i>бетіне қарады</i> [11,5].
<i>Then he would cast a glance of fear at the wolf-circle drawn expectantly about him</i> [9,19].	Потом <i>он бросал боязливый взгляд на волков, смыкавшихся вокруг костра все теснее</i> [10,15].	Сонан соң айналасын қусырып, сығып келе жатқан, қамап тұрған қасқырларға <i>көз салды</i> [11,24].

Жалпылау тәсілі немесе генерализация ағылшын-қазақ аудармаларында жиі орын алып жатады. Дж.Лондонның «Ақ Азу» повесінің аудармасында да жалпылау әдісі көптеп кездеседі. Трансформация түріне мысал келтіріп өтетін болсақ, түпнұсқа тілінде «*looked at him commiseratingly*» тіркесі жалпыланып, аяушылық мағынасын жоғалтып «*бетіне қарады*» тіркесімен аударылған. Өзге де, қорқынышпен қарады мағынасындағы «*would cast a glance of fear*» тіркесі түпнұсқадағы мағынасын жоғалтып, «*көз салды*» деп жалпыланып кеткен.

<i>М. Әуезов «Көксерек»</i>	<i>Дәнекер тіл</i>	<i>Аудармасы</i>
<i>Көргіш көздер ін түбіне қадалды</i> [12, 9].	<i>Она все видела</i> [12, 49].	<i>She saw everything</i> [12, 81].

Қазақ-ағылшын аудармасында жалпылау әдісіне мысал келтіретін болсақ, «*Көргіш көздер ін түбіне қадалды*» деген сөйлем мағыналық реңкін жоғалтып, жалпылама түрде «*shesaweverthing*», яғни ол барлығын көрді мағынасында берілген.

5. Сөйлем құрылымына сөз қосу тәсілі

Сөз қосу – кейде түпнұсқа тілдегі құрылымда белгілі бір сөздің не элементтің айтылмауы көрінбей тұруы мүмкін. Ал аударуда сол элементті көрсетуге тура келеді, міне осыған байланысты қосу тәсілі қолданылады. Аударма мәтіннің оқырманның түпнұсқадағы берілгендер туралы хабары болмауымен байланысты.

<i>Д.Лондон «Ақ азу»</i>	<i>Дәнекер тіл</i>	<i>Аудармасы</i>
The two men <i>looked at each other</i> [9,14]. His grey eyes <i>seemed metallic</i> [9,137].	Друзья <i>посмотрели друг на друга</i> [10,11]. Его серые глаза <i>сверкали стальным блеском</i> [10,94].	Жолаушылар <i>бірінің бетіне бірі қарап таңырқап тұр</i> [11,18]. Оның көкшіл <i>көздері оттай шатынады</i> [11, 142].

Кестеде берілген мысалдар негізінде трансформацияның қосу тәсілі аудармаларда кең қолданысқа ие екендігін көруге болады. Түпнұсқадағы «*looked at each other*» тіркесі аудармада «*бірінің бетіне бірі қарап таңырқап тұр*» деп, қарады деген сөз тіркесіне қосымша мағына үстелген. Сол сияқты «*eyes seemed metallic*» тіркесі аудармада «*көздері оттай шатынады*» тіркесі арқылы аударылып жаңа мағынаға ие болған.

<i>М. Әуезов «Көксерек»</i>	<i>Дәнекер тіл</i>	<i>Аудармасы</i>
Екі көзі шатынап, шарасынан шығып қалатындай үлкен. <i>Үнемі от шашып тұратын қып қызыл көз</i> [12,37].	<i>Глаза у него светились как у волка, но не зеленым, а красноватым огнем, точно горячие угли</i> [12,71].	<i>His eyes gleamed like a wolf's, but with a reddish, not green, flame, like two hot coals</i> [12,106].

Жоғарыда келтірілген мысалдарды талдайтын болсақ, түпнұсқадағы «*үнемі от шашып тұратын қып қызыл көз*» сөйлемін қосу тәсілі арқылы «*his eyes gleamed like a wolf's, but with a reddish, not green, flame, like two hot coals*» деп қып-қызыл шоқтай қызыл көздері деп теңеу амалдарымен келтірілген. Басқа мысалдардан да дәнекер тілдің әсерінен аударма мүлдем жаңа мағына үстелетіндігін көруге болады.



Сурет 3 – Аудармада қолданылған трансформация түрлерінің пайыздық көрсеткіші

Қорытындылай келгенде, Дж. Лондонның «Ақ Азу» повесі мен М. Әуезовтың «Көксерек» әңгімесінің аудармаларында трансформацияның бес түрлі әдісі қолданылған. Ағылшын-қазақ аудармасында аудармашы ең көп мөлшерде сөз қосу тәсілі, кейін жалпылау тәсілімен түпнұсқа мәтінде окулистикалық амалдарды аударғандығын көруге болады. Аудармада сөзбе сөз трансформациялық тәсілі жиі қолданылса, аударманың сәтсіз шығуына әкеледі. Өйткені аудармашы аударылатын тіл ерекшеліктерін, ондағы сөз қолданысын ескеруі қажет. Ағылшын тілінің стилистикасы, сөз, сөйлем құрылымы қазақ тілінен ерекшелінетіндіктен, аудармашы орын ауыстыру тәсілін де қолданған. Әсіресе, анықтауыштар пысықтауыштарға алмастырылған. Сонымен қатар, шетел тіліндегі кейбір

тілдік бірліктерді аударма тілінде беру қиынға соғатындықтан түсіріп тастау амалы да кездеседі.

Қазақ-ағылшын аудармасында, керісінше түсіріп тастау амалы көптеп қолданылған. Себебі, дәнекер тілдің әсерінен аударма солғын тартып, ағылшын тілінің аудармасының сәтсіз шығуына ықпал еткен. Десе де, трансформациялық тәсілдердің қолдануы кедергі келтірмеген. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі сөйлем құрылымы бір-бірінен ерекшелінетіндіктен орын алмастыру тәсілі жиі ұшырасып жатады. Әсіресе, сын қимыл пысықтауыш баяндауыш қызметінде жұмсалып жатады.

Аударманың сәтті шығуы аудару тәсіліне тікелей байланысты. Сол себепті трансформация тәсілі қашанда аудармашылардың негізгі аудару амалдары болып танылады. Оның құпияларын біліп, дұрыс қолдана білу аудармашыға қойылатын негізгі талап әрі сауатты аударманың басты кепілі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Садохин А.П. Введение в теорию межкультурной коммуникации: учебное пособие / А.П. Садохин. – М.: КИОРУС, 2014. – 254 б.
2. Givens, David B (2010). "[Kinesics](#)". *Center for Nonverbal Studies*. Archived from [the original](#) on 2012-02-23.
3. Экслайн В. Игровая терапия/ «Апрель-Пресс», «Эксмо», 2003-56 б.
4. Guthrie, Julian (2011). "[Paul Ekman keeps eye on faces for telltale signs](#)". *SanFranciscoChronicle*
5. Момынова М. Қазақ ым-ишараттары: сөйлеу этикеті мен қатысым мәдениетінде. Алматы: Арыс, 2017.
6. Бейсенова С.Б. Невербальные компоненты коммуникации в казахском языке. – Алматы, 2002. –26 б.
7. Нұрсұлтанқызы Ж. О. Бөкеев шығармаларындағы бейвербалды амалдар : автореферат. - Алматы : Қазақ университеті, 2006. - 30 б.
8. Бархударов Л.С. Язык и перевод (Вопросы общей и частной теории перевода). – М., «Междунар. отношения», 1975.-190 б.
9. Jack London «White Fang» 1906
10. Волжина Н. «Белый клык» (knijku.ru)
11. Себепов Г. «Ақ Азу». Қазақстан көркем әдебиет баспасы. Алма-ата 1938.
12. Әуезов М. «Көксерек. Серый Лютый. Fierce Grey», Алматы «Жеті жарғы» 1997.

УДК 81'255

ИССЛЕДОВАНИЕ ПРОСТРАНСТВЕННЫХ ОТНОШЕНИЙ В ЯЗЫКАХ РАЗНЫХ СИСТЕМ

Усербаева Айнагуль

userbaeva.a.s@mail.ru

Магистрант кафедры общего языкознания и теории перевода ЕНУ им.Л.Н.Гумилева,
г.Астана, Казахстан

Научный руководитель – Тажибаева С.Ж.

Интерес к изучению языковых способов выражения универсальной категории пространства не случаен, поскольку человек не существует вне пространства. Занимая определенный ареал, каждое национально-культурное сообщество стремится конституировать в языковых формах окружающую действительность, вырабатывает сообразно ей специфические языковые средства. Изучение этих средств способствует знакомству с конкретными предметами, явлениями, концептами, раскрытию их сугубо национального характера.